

БАҚ-тарға арналған хабарлау

Шардара СЭС-і толық жаңғырудың алдында тұр

11.12.2019 ж.

Шардара СЭС-інде үшінші гидроагрегат іске қосылмақ. Сырдария өзенінде орналасқан су электр станциясын толық жаңғыртумен байланысты ауқымды жоба аяқталып келеді. Төртінші, осы жоба аясындағы соңғы гидроагрегатты іске қосу келесі 2020 жылғы ақпанның соңына жоспарланған.

Түбегейлі қайта құру СЭС-тің қуатын 26 процентке – қазіргі 100 МВттан 126 МВт-қа дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Харьков зауытының ескі гидротурбиналарын австрия-германиялық Andritz Hidro GmbH компаниясының жаңа гидротурбиналарына ауыстыру станцияның электр энергиясын өндіруін жылына 480 млн. кВтсағаттан 537 млн. кВтсағатқа дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Жаңа жабдық жылына қосымша 57 млн. кВтсағат электр энергиясын өндіруден тыс, су станциясының жұмыс істеу мерзімін 35-40 жылға ұзартуға мүмкіндік береді, сондай-ақ СЭС-ті пайдалану сенімділігін арттырып, авария деңгейін төмендетеді. «Самұрық-Энерго» АҚ мамандарының сөзінше, бұл жоба энергия тапшылығын сезініп отырған Түркістан облысын электр энергиясымен қамтамасыз етуде және өңірдегі су ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруда үлкен маңызға ие.

Жобаның жалпы құны 38 млрд. теңгені құрайды. Қаржыландыру 32%-ке өз қаражаты есебінен, 68%-ке несие есебінен іске асырылуда. Жоба мердігері – австриялық-германиялық Andritz Hidro GmbH компаниясы.

Әрқайсысының қуаты 31,5 МВт болатын алғашқы екі гидроагрегаттың 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында іске қосылуы арқасында Шардара СЭС-і электр өндірудің жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты. Жоспарланған 301 900 мың кВтсағаттың орнына станцияда 403 655 мың кВтсағаттан астам электр энергиясы өндірілді.

Шардара СЭС-і 1967 жылы пайдалануға берілді, белгіленген қуаты 100 МВт және гидроагрегаттарының саны – 4. Норматив бойынша қызмет ету мерзімі 25 жыл болса, станцияның технологиялық жабдығы 50 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылып келеді, жаңғырту жобасының басталуына қарай жабдықтың тозуы шамамен 100%-ке жеткен. Су станциясында орнатылған электр жабдығының бір бөлігін оны жасаған зауыттар қазір шығармайды және оны өндірістен алып тастаған. Үнемділігі мен пайдалану сенімділігі тұрғысынан жабдықты одан әрі пайдалану мақсатқа сай болмай қалды.

Станцияны толық жаңғырту аясында жобалық қуаты жоғарылатылған – 31,5 МВт болатын бірінші гидроагрегат 2019 жылғы ақпанда іске қосылды. 2019 жылғы сәуірде екінші гидроагрегат пайдалануға берілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ – Қазақстандағы аса ірі электр энергетикалық холдинг, акцияларының 100%-ы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға тиесілі. 2007 жылы құрылған. Жұмысының негізгі бағыттары: электр және жылу энергиясын өндіру; электр энергиясын жеткізу, бөліп-тарату және сату; энергетикалық көмір өндіру. Холдингтің құрамына энергия және көмір өндіру кәсіпорындары, соның ішінде: «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Богатырь Көмір» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «О.Д. Қантаев атындағы Мойнақ су электрстанциясы» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ және т.б. кіреді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Үкіметпен байланыс және коммуникациялар офисі

Тел: (7172) 55-30-62; r.tasbulatov@samruk-energy.kz